

Келісілді:  
Қамқоршылық  
кеңестің төрағасы  
 /Т.А.Ә./

Бекітемін:  
КММ «№11 мектеп-гимназиясы»

директоры  
 Кусаикаева Б.Б.  
2024 ж.



## КММ «№11 мектеп-гимназиясы»

### Қамқоршылық кеңесі туралы

#### Ереже

#### 1-тарау. Жалпы ережелер

**1.1.** Осы Ереже Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 44-бабы 9-тармағына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген орта білім беру ұйымдарында Попечительлік кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібіне арналған Типтік қағидаларға (01.03.2023 ж. №56 және 31.07.2024 ж. №195 бұйрықтарымен енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды қоса алғанда) сәйкес әзірленді.

**1.2.** Қамқоршылық кеңес (бұдан әрі – Кеңес) – мектептің дамуына жәрдемдесетін және оның қызметіне қоғамдық бақылауды қамтамасыз ететін алқалы қоғамдық орган.

**1.3.** Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Білім туралы» Заңын, ҚР өзге де нормативтік-құқықтық актілерін, мектеп Жарғысын және осы Ережені басшылыққа алады.

**1.4.** Кеңестің қызметі төмендегі қағидаттарға негізделеді:

- тәуелсіздік;
- қатысудың еріктілігі;
- қызметтің өтеусіздігі;
- ашықтық, жариялылық және қабылданатын шешімдердің айқындығы.

#### 2-тарау. Попечительлік кеңесті қалыптастыру тәртібі

**2.1.** Попечительлік кеңес білім беру саласындағы жергілікті атқарушы орган құратын Комиссия арқылы сайланады.

Кеңестің өкілеттік мерзімі – **3 (үш) жыл**.

**2.2.** Кеңестің құрамына енгізіледі:

- ата-аналар (заңды өкілдер) – әр параллельден бір өкіл (11 адамға дейін);
- жергілікті атқарушы, өкілді және құқық қорғау органдарының өкілдері (1–3 адам);
- үкіметтік емес (коммерциялық емес) ұйымдардың өкілдері (1–2 адам);
- педагогикалық еңбектің ардагерлері (болған жағдайда) – 1 адам;
- оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының өкілдері (1–2 адам);
- қайырымдылық жасаушылар, меценаттар, БАҚ өкілдері (болған жағдайда).

**2.3.** Кеңестің сайланған құрамы білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органның шешімімен бекітіледі және оның тізімі мектептің ресми интернет-ресурсында орналастырылады.

**2.4.** Кеңестің төрағасы Кеңес мүшелерінің арасынан ашық дауыс беру арқылы сайланады.

Кеңестің хатшысы мектеп директорының бұйрығымен тағайындалады және Кеңес мүшесі болып саналмайды.

### **3-тарау. Попечительлік кеңестің функциялары**

**3.1.** Кеңес төмендегі функцияларды жүзеге асырады:

1. мектептің даму бағыттарын келіседі;
2. мектеп бюджетін қалыптастыруға және талқылауға қатысады;
3. мектеп Жарғысына және ішкі тәртіп ережелеріне енгізілетін өзгерістерді келіседі;
4. оқу жылының баламалы мерзімдері мен эксперименттік бағдарламалар жөніндегі ұсыныстарды қарайды;
5. оқу-тәрбие процесінің жағдайын жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлейді;
6. мектепке келіп түскен қайырымдылық көмегінің қаражатын бөлу жөніндегі ұсыныстарды келіседі;
7. демеушілік және қайырымдылық қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылайды;
8. оқушылардың, ата-аналардың, педагогтердің құқықтары мен бостандықтарының сақталуына қоғамдық бақылау жүргізеді;
9. балалардың құқықтарын қорғауға, зорлық-зомбылық пен кемсітуден сақтауға жәрдемдеседі;
10. оқушылардың санитарлық-гигиеналық жағдайын, тамақтануын және қауіпсіздігін бақылауға қатысады;
11. мектеп директорынан жылына кемінде екі рет есеп тыңдайды;
12. әлеуметтік осал санаттағы оқушыларға көмек ұйымдастыруға жәрдемдеседі;
13. құқықбұзушылықтың, буллингтің, темекі шегудің, нашақорлықтың және девиантты мінез-құлықтың өзге де түрлерінің алдын алуға қатысады;
14. мектеп ортасындағы тәртіпті нығайтуға және дауларды шешуге жәрдемдеседі;
15. оқушылар мен ата-аналардың оқу жағдайына қанағаттанушылығы бойынша жыл сайын мониторинг жүргізеді;
16. мәдени, спорттық және тәрбие іс-шараларын ұйымдастыруға жәрдемдеседі;
17. білім беру саласындағы нормативтік актілер жобаларын қоғамдық талқылауға қатысады.

### **4-тарау. Кеңестің жұмысын ұйымдастыру**

**4.1.** Кеңестің отырыстары тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.

Отырыс онлайн режимде (бейнебайланыс арқылы) өткізілуі мүмкін.

**4.2.** Отырыс Кеңес мүшелерінің кемінде 2/3-і қатысқан жағдайда заңды деп танылады.

**4.3.** Шешімдер ашық дауыс беру арқылы қабылданады және төраға мен қатысқан Кеңес мүшелері қол қоятын хаттамамен рәсімделеді.

**4.4.** Кеңес шешімдері мектеп әкімшілігі тарапынан заңда белгіленген мерзімде қаралып, тиісті шаралар қабылдануға тиіс.

**4.5.** Мектеп басшысы Кеңес шешімімен келіспеген жағдайда, мектеп пен Кеңес өкілдерінің тең санынан тұратын келісу комиссиясы құрылады.

**4.6.** Кеңес отырыстары мен қабылданған шешімдер туралы ақпарат мектептің интернет-ресурсында жарияланады.

### **5-тарау. Қайырымдылық көмек және қаржылық ашықтық**

**5.1.** Мектепке көрсетілетін қайырымдылық көмек ерікті және өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

**5.2.** Қаражат төмендегі шоттарға түседі:

- мемлекеттік мекемелер үшін – қайырымдылық көмектің бақылау-кассалық шотына;
- өзге ұйымдастыру-құқықтық нысандар үшін – банктік шотқа.

**5.3.** Пайдалану бағыттары:

- оқушыларды әлеуметтік қолдау;
- материалдық-техникалық базаны нығайту;
- дарынды балаларды қолдау;
- білім беру ортасын дамыту.

**5.4.** Мектеп жыл сайын қайырымдылық қаражаттың түсуі мен жұмсалуды туралы есепті өз сайтында жариялайды.

### **6-тарау. Кеңестің қызметін тоқтату**

**6.1.** Кеңестің жұмысы төмендегі жағдайларда тоқтатылады:

- өкілеттік мерзімі аяқталған кезде (3 жыл);
- уәкілетті органның шешімімен;
- мектептің қайта ұйымдастырылуы немесе таратылады;
- Кеңестің бастамасы бойынша.

**6.2.** Кеңес мүшесі төмендегі жағдайларда шығарылуы мүмкін:

- өзінің еркімен (жазбаша өтініш негізінде);
- жыл ішінде себепсіз үш реттен артық отырысқа қатыспаған жағдайда.

### **7-тарау. Қорытынды ережелер**

**7.1.** Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Кеңестің шешімімен енгізіліп, КММ «№11 мектеп-гимназиясы» директорының бұйрығымен бекітіледі.

**7.2.** Осы Ереже КММ «№11 мектеп-гимназиясы» директорының бұйрығымен бекітілген кезден бастап күшіне енеді.